

Ұлан ауданының Азовое ауылдық округінің Бетқұдық ауылына шектеу іс – шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Азовое ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 27 сәуірдегі № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 22 мамырда № 5028 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Азовое ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 2 қазандағы № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Азовое ауылдық округі әкімінің 02.10.2017 № 2 шешімімен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ұлан аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің басшысының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 01-14/126 ұсынысы негізінде, Азовое ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Ұлан ауданы, Азовое ауылдық округі, Бетқұдық ауылында ірі қара малынан құтырық ауруының анықталуына байланысты шектеу іс- шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оны алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Азовое ауылдық
округінің әкімі

А. Дамдыбаев